



Автор: Кенжебекова Айгул Арыстановна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Табиғи құбылыстар
Тақырып: көмектес септік

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Зат есімдерді септеу ,тәуелденген сөздердің септелуін білу .Сөйлемнен көмектес септік жалғаулы сөздерді табады.Өз пікірлерін дәлелдей алады .Берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады .
Тілдік мақсаттар:	Өз пікірін дәлелдеп айтып бере алады .
Күтілетін нәтиже:	Берілген тақырыптар бойынша өз пікірлерін дәлелдеп, ой қорыту жасайды .
Бағалау критерийлері:	Көмектес септігінің сұрақтарын ажыратады , жалғауларын біледі .
Құндылықтарды дарыту:	Оқушылардың бір-біріне деген құрмет көрсетуге тәрбиелеу .
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Компьютерді қолдану .
Пәнаралық байланыс:	жаратылыстану
Бастапқы білім:	Шығыс септігі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Бір-біріне сәттілік тілеу . Мақал-мәтелді жалғастыру .Туған жердің күні де ыстық Бірлігі жоқ ел тозар Туған жердей жер болмас	
Сабақтың ортасы (30 минут)	Жұмбақты оқып ,шешуін табу .Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қою арқылы олардың қай септікте тұрғанын анықтау . Жаңа ақпарат Көмектес септіктегі зат есімдерге кіммен ? немен ? кімдермен ? нелермен ? деген сұрақтарға жауап береді .Көмектес септігі атау септіктегі сөзге мен ,бен ,пен жалғаулары жалғану арқылы жаспалады . 69-жаттығу .Сөйлем мүшесіне талдау. 70-жаттығу .Жұппен жұмыс .Кесте бойынша ой қорыту. 71 -жаттығу Сөйлем құрап жазу .Берілген сөздерді көмектес септігіне қойып сөйлемдер құрап жазу .Көмектес септігіндегі сөздердің қай сөзбен байланысып тұрғандарын айтады . 71 -жаттығу Мақалдарды оқып ,көмектес септігіндегі сөздерді жазу	
Сабақтың соңы (3 минут)	Бағалау шартты белгілеріне сәйкес өзін-өзі бағалау . Өз жұмысыңды бағала тапсырмасын орындату	
Рефлексия (2 минут)	Өз көзқарастарын білдіріп, сабаққа рефлексия жасау .Тақырыптың ашылуы, тірек сөздерді орынды қолдана алуына талдау жасайды .	